

		
ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі	«Педагогикалық Ғылымдар Академиясы» ҚБ	"Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" КЕАҚ

БЕКІТІЛДІ

Басқарма Төрағасы
«Педагогикалық Ғылымдар Академиясы»
А.Күсайынов
« 6 » 09 2022 ж.



**«Жаһандандудың ұлттық мүдделерге әсері»
тақырыбындағы қазақ тіліндегі дебат
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Тұжырымдама шығармашылық ұжымдар мен этнобірлестіктер өкілдерінің, еліміздің барлық аймақтарында тұратын 16-29 жас аралығындағы жастардың басқа да санаттары арасында **«Жаһандандудың ұлттық мүдделерге әсері» тақырыбындағы қазақ тіліндегі дебаттың** (бұдан әрі – дебат) өткізудің тәртібін реттейді.

Жаһандану үдерісі қоғамның дамуына екі түрлі әсер етіп отырғаны белгілі. Бір жағынан қоғамды әлем мәдениетімен, тарихымен таныстырып, әлеуметтік желі білім сандығына айналса, екінші жағынан төл мәдениетіміздің құлдырап, ұлттық құндылықтарымыздың жойылуна да әсерін тигізіп отыр. Соның ішінде, әлем тілдерін игеру тенденциясы аясында қазақ тілінің мәртебесі де алаңдатарлық.

Тіл- ұлттың аса ұлы игілігі, әрі оның бөлінбес белгісі. Қандай да бір халықтың болмысы, өркениеттілігі, саналылығы, кең мағынасында сауаттылығы оның тіл мәдениетімен, сол тілдің қолданыс ауқымдылығының кеңдігімен өлшенеді. Осыған орай, сол бір жаһандық мәселелерді қазақ тілінде пікірталасу алаңында, қазақ тілінің бай қорын пайдалану арқылы жастардың бойында тарихына, мәдениетіне деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімін орнықтыру – **дебаттың негізгі мақсаты.**

Дебат міндеттері:

- жастарды рухани байыту және мемлекеттік тілдің қолданыс ареалын кеңейту;

- 16-29 жас аралығындағы жастарды қазақ тілін білуге, дамытуға ынталандыру;
- жастар арасында шешендік өнер мен ой ұшқырлығы арқылы мемлекеттік тілдің көркемдігін насихаттау;
- қоғам дамуының өзекті мәселелерін қамтып, ұлттық құндылықтарға төнетін қауіптің алдын алуға бейімдеу;
- жастарды ойларын еркін жеткізуге, басқа адамдардың пікірін сыйлауға дағдыландыру;
- ұлт болып сақталу тіліміздің сақталуымен тікелей байланысты екенін ұмыттырмай, тілімізді қорғаудың маңыздылығын пікірталас арқылы жеткізу.

Байқау шарттары:

- Құрамы 5 адамнан тұратын топ болуы керек;
- 16-29 жас аралығындағы жастар болу қажет;
- Қазақстан Республикасының 17 облысы мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары тегіс қатыса алады.
- Дебат оффлайн өтеді.

Дебат нәтижесінде үздік танылған жеңімпаздар ақшалай сертификатпен марапатталады:

- 1 орын - 300 мың теңге
- 2 орын - 200 мың теңге
- 3 орын - 100 мың теңге

Дебатқа қатысу үшін, 2022 жылдың 25 қыркүйегіне дейін топ жетекшісі мен мүшелерінің аты-жөні, жасы, электронды почтасы көрсетілген мәліметті ұйымдастыру алқасына (Microsoft Office Word (2003, 2007) арқылы терілген файлмен жіберу қажет. Файлдың атауына қатысушы топтың жетекшісінің автордың аты-жөні жазылуы қажет (Мысалы: Sadykova Ainur_baiqau) және <https://apnk.kz/proektyi> сайтында электронды өтініш толтыру қажет.

Байқауды ұйымдастырушылар - «Педагогикалық Ғылымдар Академиясы» ҚБ, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен жүзеге асырылатын «Жастар арасында мемлекеттік тілді кеңінен танымал ету жөнінде іс-шаралар өткізу» әлеуметтік жобасын үйлестірушілер.

Байқау 2022 жылдың 28 қыркүйегі Алматы қаласында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің Мәжіліс залында (123 кабинет) өтеді.